

**«Қазақстан балалары – жазды қуанышқа толтырайық!»
каникул кезеңінде балалардың сауықтырылу демалысын,
бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру
ТҰЖЫРЫМДАМАСЫ**

I. Кіріспе

Балалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының ұлттық саясатының негізгі бағыттарының бірі болып табылады. Мемлекеттік органдар балалардың сауықтыру, спорт, шығармашылық демалыс, жұмыспен қамту ұйымдарын, лагерьлерін құрады және оларға қолдау көрсетеді.

Жазғы кезеңде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мемлекеттің әлеуметтік саясатының ажырамас бөлігі және балалардың шығармашылық дамуы, олардың рухани әлемі мен интеллектісін байыту үшін мүмкіндік болып табылады. Каникул - бұл сабактан бос уақыт, балаға ерекше көніл бөлу аймағы, оны әлеуметтік қорғау.

Тұжырымдама Қазақстан Республикасы Президентінің «Балалар жылын жариялау туралы» 2022 жылғы 19 қаңтардағы № 780 Жарлығының 2 – тармағымен және «2020-2023 жылдарға арналған каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру туралы» 2020 жылғы 14 қаңтардағы №1 Өкімімен регламенттеледі.

II. Жалпы ережелер

Осы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру тұжырымдамасы (бұдан әрі-тұжырымдама) тәрбиелеу және сауықтыру саласындағы мемлекеттік әлеуметтік саясат қағидаттарына негізделеді.

Тұжырымдама принциптері:

- 1) ведомствоаралық өзара іс-қимыл, мемлекеттік басқару органдарының, білім беру ұйымдарының, қоғамдық ұйымдардың іс-қимылдарының келісілуін қамтамасыз ету;
- 2) ашықтық-балалардың демалысы мен сауықтырылуын ұйымдастыруға және мониторингілеуге жүртшылықтың қатысуын қамтамасыз ету, балалардың қауіпсіздік нормалары мен қағидаларын сактау;
- 3) интеграция - іс-шаралардың білім беру, әлеуметтік-педагогикалық, сауықтыру, психологиялық, дамытушылық, мәдени-бос уақыт бағытындағы бірлігін қамтамасыз ету.

Тұжырымдама балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мүмкіндіктерін кеңейту арқылы өскелен үрпақты әлеуметтендіру мен дамытудың негізгі міндеттерін шешуге **бағытталған** және 1989 жылғы 20 қарашадағы БҮҰ Бас Ассамблеясының Бала құқықтары туралы Конвенциясында, Қазақстан Республикасының Конституциясында, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының заңдарында айқындалған тәрбие саясатының қағидаттарына, «Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы», «Білім туралы», «Кәмелетке толмағандар арасындағы құқық бұзушылықтардың профилактикасы және балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын алу туралы», Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына негізделеді.

Тұжырымдаманың өзектілігі жазғы демалыс кезінде балалардың демалысын үйимдастырудың және балаларды сауықтырудың барлық мүмкін нұсқаларын қарастыру қажеттілігімен байланысты. Тұжырымдамада сондай-ақ 2021-2022 оқу жылы кезеңінде білім алушылардың білім кемшіліктерін ішінara толтыру мүмкіндігі көзделген.

Мақсаты - сауықтыру, әлеуметтік – бейімделген, экологиялық, экономикалық, шығармашылық, білім беру, спорттық, көшбасшылық бағдарламаларын іске асыру үшін балалардың жазғы демалысын үйимдастырудың бірыңғай тәсілдерін әзірлеу.

Міндеттері:

1) қазіргі заманғы жағдайларда балалардың жазғы демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы жүйесін сақтауға және тұрақтандыруға бағытталған жағдайлар жасау;

2) балалардың жазғы демалысы, сауықтырылуы және жұмыспен қамтылуы жүйесін кадрлық, әдістемелік және үйимдастырушылық қамтамасыз ету болып табылады;

3) балалардың жазғы демалысы үйимдарының жұмыс істеуін санитариялық-медициналық, санитариялық-гигиеналық қамтамасыз ету болып табылады;

4) жазғы демалыс кезеңінде тәрбие және білім беру іс-шараларына қатысумен 1-10 сынып білім алушыларын жаппай қамтуды қамтамасыз ету;

5) балалар демалысы мен сауықтыру қызметтерінің қолжетімділігін арттыру;

6) өмірлік қызын жағдайда жүрген балалардың құқықтарын әлеуметтік қорғауды іске асыру үшін жағдайлар жасау болып табылады;

7) балаларды сауықтыру үйимдарында өрт қауіпсіздігін, балалардың сауықтыру демалысы, бос уақыты және жұмыспен қамтылуы кезінде балалардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жағдайлар жасау;

8) қалалық және ауылдық мектептердің жұмысын балалардың жазғы сауықтыру демалысын үйимдастыруға кіріктіру;

9) жазғы демалыс кезеңінде оқушылардың қауіпсіздігі мен тіршілік әрекетінің негіздерін қамтамасыз ету және сақтау;

10) отбасылық құндылықтарды үйимдастыру мен нығайтуға жәрдемдесу және көмек көрсету болып табылады.

Тұжырымдама мемлекеттік органдардың, жүртшылықтың, бизнес-қоғамдастықтардың, ҮЕҰ-ның, БАҚ-тың балалардың демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын тиімді үйимдастыруға қатысуын көздейді.

Тұжырымдама балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын үйимдастыру сапасын жақсарту жөніндегі іс-қимылдардың мақсаттылығын, тұтастыры мен жүйелілігін қамтамасыз етуге арналған.

НОБД деректері бойынша (2022 жылғы 30 сәуірдегі жағдай бойынша) республикада 1-10 сыныптардың 3 325 489 білім алушысы бар.

475 991 бала әлеуметтік осал отбасыларда тәрбиленеде.

Оның ішінде:

- Жан басына шаққандағы табысы ең төменгі күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардағы 169 249 бала;

- Атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасыларда 207 923 бала;

- 12 453 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар;

- Қолайсыз отбасылардан 1872 бала;

- «Жалпыға міндетті оқу» қорынан көмек алу үшін білім беруді басқарудың алқалы органы айқындаған өзге санаттағы 84 494 бала.

Балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын үйимдастыру үшін каникул кезінде 11 450 балалар лагері, оның ішінде: 236 қала сыртындағы лагерь (131 мемлекеттік, 105 жеке менишік), оның ішінде 17 жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйимдар жанында, 10284 жалпы білім беретін мектептер жанындағы тاماқпен және тاماқсыз құндіз болатын лагерь

мектептер мен қосымша білім беру үйымдарында (*мектеп жаңындағы лагерлер*), 930 шатырлы, киіз үй лагерлері және т.б.

Балалар лагерлерінің жұмысына Республика колледждерінің білім алушылары мен жоғары оқу орындарының студенттері қатарынан педагогикалық отрядтар белсенді тартылатын болады.

Жазғы демалыс уақытында мектептен тыс білім беру үйымдары қызмет саласын кеңейтеді. Облыс, аудан орталықтарында жазғы уақытта оқушылар сарайлары, орталықтар, балалар шығармашылық үйлері, кітапханалар, жас техниктер, экологтар, натуралистер станциялары жұмыс істеуді жалғастырады. Үйірмелерде, секцияларда, клуб студияларында әр баланың жеке басының дамуына, оның қабілеттерін ашуға, қазақстандық патриотизм мен азаматтыққа тәрбиелеуге көніл бөлінеді.

Балаларды сауықтыру лагерлерінің жұмыс алгоритмі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысымен бекітіледі.

III. Жазғы сауықтыру лагерлерін үйымдастыру

Қазақстанда жазғы лагерьді үйымдастыру нормативтік-құқықтық құжаттар мен актілерге сәйкес жүзеге асырылады, онда балалардың жазғы лагерлерін үйымдастыру толық регламенттелген. Жазғы сауықтыру лагерінің, мектеп жаңындағы лагердің және т.б. жұмысын үйымдастыру нәтижесі болып табылатын қызметтің бағыты, сондай-ақ мазмұны Қазақстанның заңнамалық және нормативтік актілеріне толық сәйкес келеді.

- Балалардың сауықтыру лагерлері (қала сыртындағы және мектеп жаңындағы) – олардың қызметінің негізгі мақсаты: балалардың демалысын үйымдастыру және алдын алу-сауықтыру жұмыстары;
- Санаторлық лагерлер-ондагы негізгі жұмыс балалардың сауыгуына және салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған;
- Мамандандырылған және бейінді лагерлер (спортық-сауықтыру, туристік, өлкетану және т. б.) – жұмыс белгілі бір бейін бойынша қызметті үйымдастыруға бағытталған, бос уақытты үйымдастыру бойынша үлкен бұқаралық жұмыс жүргізіледі;
- Сауықтыру орталықтары, жұмыстағы негізгі бағыт-балаларды сауықтыру;
- Базалар мен кешендер-қызмет бағыттары бойынша жұмысты үйымдастырады;
- Еңбек және демалыс лагерлері-оқушылардың демалысын толыққанды үйымдастыру жағдайында оқушылардың еңбек қызметін үйымдастырады.

Оның негізінде жазғы демалыс бағдарламасы жасалуына қажетті **принциптер**:

Гуманизм принципі-әрбір балаға құндылық ретінде қарау;

- ✓ Патриоттық қағидасы - Балалардың Отанға деген сүйіспеншілік, өз тіліне, мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне, туған жеріне сезімін қалыптастыру;
- ✓ Руханият қағидасы - балалар мен жасөспірімдерде гуманистік рухани бағдарлар, жалпыадамзаттық құндылықтар;
- ✓ Физикалық денсаулық жағдайының динамикасын есепке алу принципі, психоэмоционалды, әлеуметтік аспектілер;
- ✓ Тolerанттылық қағидасы - басқа адамдардың пікіріне төзімділік,
- ✓ Басқаша ойлау және басқа мәдениеттер, басқа өмір салты;
- ✓ Көптілділік принципі - балалардың еркін менгеру қабілеттерін дамыту үш тілде (қазақ, орыс, ағылшын) жалғастыру қажет
- ✓ Қазақ тілін танымал ету жөніндегі шаралар кешенін іске асыру;
- ✓ Вариативтілік принципі - жұмыс, демалыс және ойын-сауық түрлерінің әртүрлілігі, білім беру технологиясы мен мазмұнының әртүрлі нұсқалары.

Мектеп жаңындағы лагерьді үйымдастыру бағдарламасының мазмұны:

1. Түсіндірме жазба
2. Лагерь жұмысын үйымдастырудың мақсаттары мен міндеттері
3. Мектеп жаңындағы лагерь туралы ереже
4. Бағдарламаны іске асырудың мазмұны мен нысандары
5. Бағдарламаны басқару сыйбасы
6. Ресурстар
7. Бағдарлама тиімділігінің критерийлері
8. Мектеп жаңындағы лагерь жұмысының жоспар-кестесі
9. Күн тәртібі
10. Лагерь занбары

Мектеп жаңындағы (күндіз болатын) жазғы сауықтыру лагерлерін үйымдастыру жөніндегі қағидалар

Балалар күндіз болатын жазғы сауықтыру лагері жазғы демалыс уақытында балалар мен жасөспірімдерде демалыс уақытын тиімді пайдалану, салауатты өмір салтының жалпы мәдениеті мен дағдыларын қалыптастыру, балалардың денсаулығын нығайту, шығармашылық еңбек ету, олардың қабілеттерін іске асыру үшін қажетті жағдайлар жасау мақсатында үйымдастырылады.

Лагерьдің құрылтайшысы (үйымдастырушысы) балалармен осындағы қызметті үйымдастыруға мүмкіндік беретін білім беруді басқару органдары, білім беру үйымдары, тұрғылықты жердегі клубтар, балалар мен жастар үйымдары, өзге де мұдделі үйымдар, жарғылық құжаттар болуы мүмкін.

Бағдарламаның болжамды нәтижелері:

- Балалардың денсаулығын нығайту;
- Балалар арасындағы жағымсыз әлеуметтік құбылыстардың өсу қарқынының төмендеуі;
- Ақпараттық-коммуникациялық қызметке әуестігі;
- Лагерьдегі әлеуметтік-психологиялық ахуалды жақсарту;
- Әр түрлі жастағы және ұлттықтағы балалар арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту

III. Жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету жөніндегі ұсынымдар

1. Жазғы демалыстарды құнтізбелік-тақырыптық жоспарлау:

Апта	Мерзімі	Апта бағыттары	Апта тақырыптары
1 апта	1 - 05 маусым	Азаматтық-патриоттық	«Елім менің - Қазақстан»
2 апта	06 – 12 маусым	Экологиялық, еңбек	Эко сана
3 апта	13 – 19 маусым	Отбасылық	«Отбасы – бақыт мекені»
4 апта	20 - 26 маусым	Өлкетану	«Тұған өлкем»
5 апта	27 маусым - 03 шілде	Рухани-адамгершілік	«Ізгілік шуағы»
6 апта	04 - 10 шілде	Тарихи-мәдени	«Ел орда тарихы- Ел тарихы»
7 апта	11 - 17 шілде	Спорттық	«Салауатты өмір ғасыр ұраны»

8 апта	18 - 24 шілде	Көркемдік-эстетикалық	«Таңғажайып әлем»
9 апта	25 - 31 шілде	Көркемдік-эстетикалық	«Таланттар әлемі»
10 апта	01 - 07 тамыз	Ғылыми-эстетикалық	«Жас ғалым»
11 апта	8 - 14 тамыз	Тарихи-өлкетару	«Ұлы дала Ұлағаты»
12 апта	15 - 21 тамыз	Волонтерлік	«Ерікті болу – ерлік!»
13 апта	21 – 28 тамыз	Патриоттық	«Конституция – мемлекет тәуелсіздігінің негізі»

*Жазғы каникул кезеңінде балаларды жұмыспен қамту және дамыту картасы
№1 қосымшада*

2. Жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру бойынша мұдделі тараптардың ведомствоаралық өзара іс-қимылдының құрылымы

Мұдделі тараптар		Қызмет мазмұны
Мемлекеттік органдар	1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі (ЖБК, КДСО, КОКСОН, ДВПО, ДТПО)	<p>Балалар мен ата-аналардың жазғы демалысты ұйымдастырумен қанағаттану деңгейіне мониторинг жүргізу.</p> <p>Жазғы демалысты дайындау және өткізу бойынша онлайн конференциялар, кенестер, отырыстар, кездесулер өткізу.</p> <p>Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толтыру үшін жағдайларды қамтамасыз ету.</p> <p>Жазғы демалыс кезеңінде балаларды жұмыспен қамту және дамыту картасына ұсыныстар әзірлеу.</p> <p>Студенттік еріктілер қозғалысын дамыту тұжырымдамасын әзірлеу.</p> <p>«ЖОО және балалар» жазғы жобасын әзірлеу</p> <p>БАҚ-тағы жарияланымдарға мониторинг жүргізу.</p> <p>Жазғы демалыспен қамту мониторингі.</p> <p>Төтенше жағдайлар мен жазатайым оқиғалардың мониторингі.</p>
	2. Білім беру саласындағы сапаны қамтамасыз ету департаменттері	<p>ДОКСО-ны Балалардың құқықтарын қорғау мәселелері бойынша әлеуметтік желілерде жариялау.</p> <p>Жазғы демалысты және сауықтыруды ұйымдастыру бойынша қызмет көрсету кезінде кәмелетке толмағандарға қатысты туындаған проблемалық және төтенше жағдайларға жедел ден қою.</p> <p>БАҚ-та және әлеуметтік желілерде жағымсыз жарияланымдарды тудырған себептерді жою жөнінде шаралар қабылдау</p> <p>«Бала қорғау» телеграмм-чатында азаматтардың өтініштерін қарау.</p> <p>Жазғы каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастыру мәселелері бойынша КТІ ҚҚҚ ottyristaryna қатысу.</p>
	3. Жергілікті атқарушы органдар (барлық деңгейдегі әкімдіктер, білім, мәдениет және	2022 жылға арналған каникул кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын ұйымдастырудың өнірлік кешенді бағдарламаларын бекіту- "Қазақстан балалары – жазды қуанышпен толтырайық!" <p>Құжаттаманы дайындау:</p>

	<p>спорт, денсаулық сақтау бөлімдері мен басқармалары, құқық корғау, әлеуметтік қорғау органдары)</p> <ul style="list-style-type: none"> - балаларды сауықтыру үйымдарын пайдалануға дайындау және қабылдау жөніндегі ведомствоаралық комиссиялар құру туралы; - лагерлерді ашу туралы, жауаптыларды тағайындау туралы бұйрықтар; лагерлерді, балалар объектілерін қабылдау актілері; - балалар лагері туралы ереже; - жазғы объектілердің ішкі еңбек тәртібінің ережелері; - жұмыс кестесі, экскурсиялар және т. б. <p>Тексеру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - балалар нысандары; - спорт алаңдары мен спорт ғимараттары; - балаларды тасымалдауға арналған автокөлік; - көпшілік шомылатын орындар; - сауда нұктелері және т. б. <p>Балалар объектілерін жүзу бөлігіне жақын жерде жол белгілерімен, жаяу жүргіншілер өткелдерімен жабдықтау.</p> <p>Жедел-алдын алу іс-шараларын жүргізу.</p> <p>ҚР ПМ Төтенше жағдайлар комитетінің аумақтық бөлімшелерімен бірлесіп су айдындарына жақын орналасқан балалар лагерлерінде құтқару жабдықтарының болуы мен жай-күйін тексеруді, судағы қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттық стенділер жүргізу.</p> <p>Суда демалуға арналған ресми орындардың тізбесін анықтау.</p> <p>Шомылуға тыйым салынған ықтимал қауіпті участекелер мен орындарды тыйым салатын белгілермен жабдықтау</p> <p>Балаларды сауықтыру үйымдарында өртке қарсы қауіпсіздікті қамтамасыз ету Құтқару қызметінің, жедел жәрдемнің, суда құтқару станциясының телефондары көрсетілген жадынамаларды тарату.</p> <p>Судағы, жолдағы және басқа да қауіпсіздік техникасы бойынша өнірлік ТВ-арналарда бейнероликтерді орналастыру.</p> <p>Балалар объектілерінің персоналы мен педагогтарын санитариялық-гигиеналық оқыту.</p> <p>Балаларды жүзудің базалық дағдыларына үйрету жөніндегі іс-шараларды үйымдастыру үшін спорттық, сауықтыру, мәдени бейіндегі мемлекеттік, коммуналдық, коммерциялық емес, жеке үйымдармен меморандумдар жасасу</p> <p>Жазғы демалыс кезеңінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын үйымдастыру бойынша әкімдіктердің кенейтілген отырыстарын, оның ішінде онлайн режимде өткізу.</p>	
--	--	--

		<p>Қашықтықтан бейіндік лагерьлер, аула командаларын құру.</p> <p>Өңірлік конкурстарды ұйымдастыру:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Ұздік аула командасы-2022»; - «Жас Ұлан» БЖҰ ұздік штабы (мектеп парламенттері); - «Балалар демалысының бейінді ауысымдарының ұздік бағдарламасы»; - «Жазғы демалысты ұйымдастырудың ұздік бағдарламасы»; - «Ұздік педагогикалық жасақ- «ЖАЗ – 2022»; - «ЖАЗ-2022» бағдарламасын жариялау бойынша ұздік интернет-ресурс. <p>Демеушілер мен меценаттарды тарту.</p> <p>Кинотеатрлар мен мұражайларға женілдікті абонементтерді тарату.</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Жазғы бейіндік алаңдар, мерзімі: маусым-тамыз аралығында. 2. 1-8, 10 сыйнып оқушылары үшін гуманитарлық және математикалық цикл пәндері бойынша жазғы мектеп. Мерзімі: маусым 3. Мектеп жаңындағы лагерьлер. Мерзімі: маусым-тамыз 4. ZOOM, Skype платформаларындағы мектеп пікірсайыс лигаларының жазғы екі күндік лагері, mail.ru, WhatsApp, сондай-ақ әр түрлі жастағы оффлайн 7-10 сыйныптар. 5. 1-4 сыйнып оқушыларына арналған жазғы компьютерлік лагерь. Мерзімі: маусым-тамыз аралығында. 6. 5-7 сыйнып оқушыларына арналған «Фотоаппаратпен жаз» жазғы мектебі. Мерзімі: маусым-тамыз аралығында. 7. «Жазғы стадион» - 5-10 сыйнып оқушыларына арналған мектеп спорт алаңдарында спортық іс-шаралар бағдарламасы. Мерзімі: маусым-тамыз аралығында. 8. 8-11 сыйнып оқушыларына арналған «Елбасы медалі» бағдарламасына қатысу. Мерзімі: мамыр-тамыз. <p>Жобаларды іске асыру:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. «Қосымша білім беру ұйымдары шығармашылығының жазғы аумағы» 2. «Қауіпсіз жаз – 2022» 3. «Тәрбие алаңы» 4. «Жаңа таңдау» жазғы кәсіптік бағдарлау паркі 5. «Ел баласы» 6. «Second wind» 7. «Үрпақ болашағы» 8. «Ауыл балалары» жылжымалы мобиЛЬДІ орталығы 9. «Бала brain» зияткерлік МЕГА ойны
--	--	---

		10. «Бала FEST» таланттар даңғылы 11. «Құқық бұзушылықсыз болашақ» 12 «Кітап оқушы мектеп»
4.	Кәмелетке толмағандардың істері және олардың құқықтарын қорғау комиссиялары	<p>Көшпелі және онлайн жоспарлы отырыстар өткізу. Балалардың құқықтарын қамтамасыз етүмен байланысты проблемалық жағдайларға жедел дең қою. «Жасөспірім – жаз» ведомствоаралық профилактикалық операцияларды жүргізу. Білім беру басқармаларымен бірлесіп мониторинг жүргізу: - аудандар, қалалар, білім беру үйімдары бөлінісінде жазғы демалысты үйімдастыру; - ішкі істер органдарында есепте тұрған, сондай-ақ әлеуметтік қауіпті жағдайдың отбасылардан шыққан балалар мен жасөспірімдерді жұмыспен қамту</p>
5.	Ы. Алтынсарин атындағы ұлттық білім академиясы	Балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын қамтамасыз ету, жазғы каникул кезеңінде олардың білімдерінде ақтаңдақтарды толықтыру бойынша ұсынымдар әзірлеуге қатысу
6.	Республикалық косымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы	<p>Білім беру үйімдарының, балалар арасында қашықтықтан шығармашылық конкурстар өткізу. Косымша білім беру педагогтары үшін вебинарлар өткізу.</p>
7.	«Назарбаев Зияткерлік мектептері» дербес білім беру үйімі	Шетелдік мамандардың қатысуымен Жазғы тілдік және академиялық дағылар мектептерінің жұмысы
8.	«Балдәурен» Республикалық оқу-сауықтыру орталығы	<p>Балалар лагерлері кеңесінің жұмысын үйімдастыру. Жас патриоттардың жазғы қашықтықтан форумын өткізу. Бірыңғай республикалық волонтерлік тәлімгерлік қозғалысын құру</p>
9.	«Бебек» ұлттық ғылыми-практикалық, білім беру және сауықтыру орталығы	<p>Балалар үшін жазғы сауықтыру демалысын үйімдастыру. Әлеуметтік желілерде және БАҚ-та адамгершілік-рухани білім беру мәселелері жөніндегі материалдарды жариялау</p>
10.	«Ұлттық ғылыми-практикалық дene шынықтыру орталығы» республикалық мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны	<p>2021 жылғы жазғы демалыс кезеңінде балалар мен жасөспірімдер арасында бұқаралық спортты үйімдастыру жөніндегі іс-шаралардың кешенді жоспарын әзірлеу. Жазғы демалысты үйімдастыру бойынша вебинарлар өткізу: - әдіскабинеттер әдіскерлерінің дene шынықтыру және спорт; - дene шынықтыру мұғалімдері; - жұзу бойынша жаттықтырушылар;</p>

		<p>- туризм бойынша нұсқаушылар және т. б.</p> <p>Аула командалары арасында спортық жобаларды үйымдастыру</p>
11.	Әдістемелік кабинеттер, орталықтар	<p>Аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, жазғы каникул кезінде балалардың сауықтыру демалысын, бос уақытын және жұмыспен қамтылуын үйымдастыру бойынша әдістемелік ұснымдар дайындау. Жазғы демалысты үйымдастыруға жұмылдырылған педагогтардың барлық санаттары үшін семинарлар өткізу.</p> <p>Өнірлік конкурстар өткізу:</p> <ul style="list-style-type: none"> - «Үздік аула командасы-2022»; - «Балалар демалысының бейінді ауысымдарының үздік қашықтық бағдарламасы»; - «Балалар демалысын үйымдастырудың үздік бағдарламасы»; - «Жазғы педагогикалық идеялар-2022»; - «Жыл тәлімгері» т. б.
12.	ЖОО, колледждер	Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған үйымдардың тәрбиеленушілеріне студенттердің тәлімгерлігін үйымдастыру (1-қосымшаны қараңыздар). Ғылыми орталықтар, технопарктер, бизнес-инкубаторлар, мұражайлар, ЖОО зертханалары, колледждер жанынан балалар ғылыми үйірмелерін ашу.

III. Құтілетін нәтиже

- Тұжырымдаманы іске асыру мынадай нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді:
1. Жазғы каниқул кезеңінде балаларды сауықтыру демалысымен, бос уақытпен және жұмыспен қамтумен қамтамасыз етудің тиімді жүйесі құрылатын болады.
 2. Балаларға қатысты тұрмыстық зорлық-зомбылық пен құқық бұзушылықтардың алдын алуға бақылау күштейтіледі.
 3. Жаңа педагогикалық, ақпараттық және денсаулық сақтау технологиялары енгізіледі.
 4. Демалыс уақытында балалардың демалысын, сауықтырылуын, жұмыспен қамтылуын ұйымдастыруды материалдық-техникалық қамтамасыз ету жақсартылатын болады.
 5. Жетім балаларды демалыспен және сауықтырумен қамту 100%-ды құрайды.
 6. Жекелеген санаттағы балаларды демалыспен және сауықтырумен қамту 100% құрайды.
 7. Балаларды спорт пен туризмнің бұқаралық түрлеріне тарту көрсеткіші артады.
 8. Оқушылардың туған өлкесін практикалық тану, тарих, мәдениет ескерткіштерімен, қоршаған табиғатпен танысу арқылы экологиялық мәдениет артады
 9. 2021-2022 оқу жылында оқуға жіберілген білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтар ішінәра толтырылатын болады.
 10. Оқушылардың салауатты өмір салты, алкогольдің, темекі шегудің, нашақорлықтың алдын алу және оның алдын алу мәселелері бойынша білімдеріндең кеңейтіледі.
 11. Жазғы демалыс кезінде сырқаттанушылық көрсеткіші төмендейді.
 12. Балалар арасындағы құқық бұзушылықтар санының көрсеткіші төмендейді.
 13. Балалар мен жасөспірімдер қоғамдық және еріктілер қозғалысын дамыту үшін жағдайлар жасалатын болады.
 14. Балалар мен ата-аналардың жазғы демалысты ұйымдастыруға қанағаттану деңгейі артады;
 15. Балалардың демалысы үшін қауіпсіз жағдайлар жасалады.

ЖАЗФЫ КАНИКУЛ КЕЗІНДЕ БАЛАЛАРДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТУ ЖӘНЕ ДАМЫТУ КАРТАСЫ
(іс-шараларды дәстүрлі және онлайн форматта өткізу)

Мерзімі	Тақырыптық блоктар	Тақырыптық блоктардың мазмұны
1 апта 1-5 маусым	«Елім менің - Қазақстан»	<p>ҚР Мемлекеттік рәміздер күніне 30 жыл</p> <ul style="list-style-type: none"> · ҚР Мемлекеттік рәміздері күнінің 30 жылдығына арналған «Рәміздер-рух, ароздан» акциясы · «Тудың астында, Елтаңбамен, әнұранмен абырайлы жол кешеміз» челленджі · Халықаралық балаларды қорғау күнін мерекелеуге арналған «Барлығы балалар үшін» республикалық акциясы · «Мемлекеттік рәміздер - менің мақтанышым» онлайн іс-шарасы · Мемлекеттік рәміздер тарихы мен ел геральдикасына арналған бейнеролик · «Киелі жерлер объективінде» - Қазақстанның киелі нысандары бойынша виртуалды саяхат; · Тұған өлкө туралы өлең, сурет, ән айтудан онлайн байқау · «Ел баласы» жобасы · «Ауыл балалары» жылжымалы мобиЛЬДІ орталығы (жаз бойы) · «Балаларға жақсылық жасауға асық» марафоны · «Жұлдыз бала» шығармашылық шеруі мен шебері · «Sport.ekb» туристік слеті · «Балаға сыйлық» акциясы · Арт-аллея · «Жас құтқарушы» жобасы (жаз бойы) · «Шебер бала» ашық шеберханасы

2 апта 6-12 маусым	· ЭКО САНА	<ul style="list-style-type: none"> · Макулатура жинау бойынша «БумБатл» экоакциясы · «Эко-развивайка» акциясы (<i>тасстанды материалдан жасалған бұйымдар акциясы</i>) · «Эко-әдептер» акциясы (<i>күнделікті өмірде экологиялық әдептерді қолдану</i>) · «Еңбек десанты» (<i>үйде, лагерьде, аулада және т. б. Еңбек міндеттерін орындау</i>) · «Шебер қолдар»т материалдардан жасалған бұйымдардың онлайн қолөнер байқауы · «Жасыл досымды қорғау» онлайн жобасы · «Біздің ауылдың, ауданның, қаланың көшелері» ұжымдық онлайн презентациясын құру · «Менің бау-бақшам» жобасы (<i>жаз бойы жұмыс істейді</i>)
3 апта 13-19 маусым	«Отбасы – бақыт мекені»	<ul style="list-style-type: none"> · «Отбасы бақыт мекені» отбасылық тимбилдингі · «Отбасы дәстүрлері» бейне жобасы · «Отбасы өмір аясы» зияткерлік ойын · «Мерейлі отбасы»– ойын · «Отбасылық тағамдар» шеберлік сыйныптары · «Біз бүкіл отбасымызben тоқымыз, тігеміз, сурет саламыз және ән айтамыз» отбасылық шығармашылықтың виртуалды фестивалі · «Бақытты отбасылар қаласы» шығармашылық байқауы · Қолайсыз отбасылардан шыққан аналарды шақыра отырып, «Көзқарас» Ток-шоуын өткізу
4 апта 20-26 маусым	Тұған өлкем	<ul style="list-style-type: none"> · «Мұражай калейдоскопы» әлемдік мұражайларға онлайн саяхат, · «Міне, менің көшем, менің үйім» фотокөрмесі · «Менің қаламның картасы» викторинасы (<i>балалар тұған өлкенің көрікті жерлерінегін сипаттаудың мәдени мұнайы</i>) · «Болашақтың қаласы» челленджі · «Тұған соқпақтар» атты саяхат ойыны · «Ескерткіштер – тарихты сақтаушылар» - қаланың есте қаларлық жерлеріне виртуалды саяхат · Жеке виртуалды турларды құру · «Қауіпсіз аула», «Қауіпсіз тротуар», «Қауіпсіз саябақ», «Қауіпсіз балалар алаңы»,

		<ul style="list-style-type: none"> • «Қауіпсіз кіrebеріs» акциялары • «Сүйкімді қалам» экскурсиясы
5 апта 27 маусым- 03 шілде	Ізгілік шуағы	<ul style="list-style-type: none"> • «Жақсының – жақсылығын айт» акциясы • «Жақсылық тамшысы» челленджі • «Қайырымдылық - асыл қасиет» акциясы • «Мейірімділік жолымен» қашықтық клубының жұмысын ұйымдастыру • «Мейірімділік әліппесі» онлайн сурет байқауы • «Мейірімділіктің сиқырлы күші» жазғы онлайн оқулары
6 апта 04-10 шілде	Елорда тарихы – Ел тарихы	<ul style="list-style-type: none"> • «Асқақтай бер, Елордам» - астана күніне арналған мерекелік онлайн концерт • Нұр-сұлтан қаласына виртуалды экскурсия • Астананың тарихи ғимараттары, астананың ескерткіштері туралы әңгімелер • «Нұр-сұлтан деп соққан жүргім» балалар суреттерінің байқауы
7 апта 11-17 шілде	«Салауатты өмір ғасыр ұраны»	<ul style="list-style-type: none"> • Салауатты өмір салты, маскунемдіктің, темекі шегудің, нашақорлықтың алдын алу мәселелері бойынша онлайн дәрістер. • «Біздің ауланың командасы» тұрғылықты жері бойынша спорт алаңдарын ұйымдастыру • Аула командалары арасында шағын футболдан турнир • «Біздің аулаамыздың ойындары» эстафетасы, алаңдағы ойындар (<i>шахмат, дойбы, волейбол, пионербол, баскетбол, үстел теннисі, халықтық спорттық ойындар</i>) • Ұлттық спорт түрлері мен ойындары (<i>Тогыз құмалақ, асық ату, арқан тарту және т. б. бойынша финалдық турнир</i>) • «Менің аулаамдағы спорт» жобасы • «Бала_квест» квест ойыны
8 апта 18-24 шілде	«Таңғажайып әлем!»	<ul style="list-style-type: none"> • Балалар бейнелеу және сәндік-қолданбалы өнерінің көрмелері, конкурстары • Шығармашылықтың креативті түрлері бойынша онлайн шеберлік сыйыптар • «Жаз бояулары» челленджі <ul style="list-style-type: none"> - Hand-made «Шығармашылық идеялар әлемі» зертханасы - Art-Magig - жас суретшілер мектебі. • Бейнелеу өнері мұражайларына экскурсиялар және т. б.
9 апта	«Таланттар әлемі»	<ul style="list-style-type: none"> • «Тәуелсіз Қазақстан балалар көзімен» атты бейне сұхбат

25-31 шілде		<ul style="list-style-type: none"> • «Мениң елімнің Әнұраны» видеочеллендж • «Өлең-сөздің патшасы» поэтикалық калейдоскопы • «Алтын Дән» КТК фестивалі • «Бояулар фестивалі» балалар би және ойын – сауық фестивалі • Аула ойындарының фестивалі • «Театр әлемінде» білім аукционы • Vitacci «Кадрдағы балалық шақ» фотобайқауы • «Балалар әндері» балалар ретро әндер фестивалі. • «Өнер мекені-асыл қазына» қазақ ұлттық аспаптар фестивалі • «Жарқын балалар» балалар би байқауының фестивалі • «Бала brain» интеллектуалды МЕГА ойыны
10 апта 01-07 тамыз	Жас ғалым	<ul style="list-style-type: none"> • «Жас ғалымдар зертханасы» платформасы • «Жұлдыздарға қарай» челленджі • «Айналамыздағы ғылым» ғалымдарының қатысуымен интеллектуалды практикум • Штурмовик ұшқыш Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған пікірталас сағаты • «Физика – бұл жай» (қызықты бейнелер, ғалымдардың, мүғалімдердің әңгімелері, физикалық тәжірибелер мен эксперименттер) • «Бұл қызықты», «Пайдалы ойындар», «Жас атомшылар» және т. б. онлайн платформаларды іске қосу. • Зияткерлік онлайн ойындарды үйымдастыру
11 апта 08-14 тамыз	Ұлы Даға Ұлағаты	<ul style="list-style-type: none"> • «Тарих ұлттық қазына» челленджі • «Келешегі кемел аймақ» фотокөрме • Қазақстан мұражайларына виртуалды экскурсия
12 апта 15-21 тамыз	Ерікті болу – ерлік!	<p>Мұхтар Әуезовтың 115 - жылдығы</p> <ul style="list-style-type: none"> • «Әлемге әйгілі - Әуезов» Мұхтар Әуезовтың 115 - жылдығы • «Жасыл патруль» акциясы • «Мейірімділік аптасы» марафоны • «Өзгелерге жақсылық жаса» атты челленджі • «Болашақ еріктісі» марафоны • Виртуалды экскурсия: Қазақстан Республикасының орталық мемлекеттік

		мұражайы
13 апта 22-28 тамыз	«Конституция – мемлекет тәуелсіздігінің негізі»	<ul style="list-style-type: none"> · Талғат Бигелдиновтың 100-жылдығы · «Не? Қайда? Қашан?» ұшқыш Талғат Бигелдиновтың 100 жылдығына арналған зияткерлік ойын · «Конституция-ұлы халықтық құндылық» квест-ойыны · Біздің ортақ үйіміз-Қазақстан!», Алға Қазақстан!» · Балалардың «Атамекен» әндерін орындауды